

болса, *және* жалғаулық шылауы өте белсенді қолданыста, ол сөз таптарының әр түрлі мағыналық топтарына енетін тілдік бірліктердің өзара байланыстарының барлығында дерлік орын алады. Мысалы: *Көк түс — аспанның, ауа мен судың белгісі. Тудағы күн бейнесі — геральдика заңы бойынша — байлық пен берекенің белгісі. Ұлттық өрнек — қазақ халқының мәдениетін, поэтикалық және көркем танымын, өнерін білдіреді* (Е. Шаймерденұлы. Қазақ елінің рәміздері). Мемлекеттік тудың барлық белгілері бар жалаушалар да болады. Олар келіссөз үстелдеріне қойылады, ресми қонақтарды қарсы алу *және* шығарып салу кезінде машиналарға қадалады.

Мен/бен/пен мен *және* жалғаулық шылаулары синтаксистік мәнмәтінге тікелей бағынышты көмекші сөздер ретінде таныла отырып, олар бірыңғай мүшелердің мазмұнындағы семантикалық ортақ белгілермен бірге айырмашылықтарды да аңғартады, яғни *мен/бен/пен* жалғаулық шылаулары өздері байланыстыратын сөздерді топтастырып, өзара жақындастырады, ал *және* жалғаулық шылауы байланысқа түсіп тұрған ұғымдардың дербестігін сақтап, олардың даралануы қажет етілген жағдайда қолданылады, сонымен бірге оның үстіне, әрі, тағы сияқты бірліктердің де семантикасын өз бойында қамтиды.

Мен/бен/пен, және жалғаулық шылаулары

барлық функционалдық стильдерде қолданысқа ие, алайда олардың сол стильдерде қолданылу жиілігінің көрсеткіштері бірдей болмауы да заңдылық.

Мен/бен/пен жалғаулық шылаулары варианттарының квантитативтік көрсеткішінің жалғамалы тіл – қазақ тілінің үндестігі құрылымына сәйкес типологиялық белгілерге тәуелділігін анықтауына орай, *мен/бен/пен* мен *және* жалғаулық шылауларының функционалды-семантикалық, функционалды-стистикалық ерекшеліктерін сипаттауына, аталмыш жалғаулықтардың қолданылуындағы ортологиялық сәйкестіктер мен сәйкессіздіктерді анықтауына байланысты көрсетіледі.

Сонымен қатар, тіл білімінде варианттарды зерттеп, оның мәнін түсіндіруде түрлі қырынан зерттелуі де байқалады, себебі варианттылық мәселесі көпқырлы. XX ғасырдың ортасынан бастап қазіргі уақытқа дейін ол отандық және шетелдік ғалымдардың түрлі тіл білімі салалары мен бірқатар аралас ғылымдардың зерттеу нысаны болып табылатынын да айтып кетуді қажет етеді.

1 Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис / Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі. А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты. – Астана, 2002. – 784 б.

2 Джубанов А.Х. Квантитативная структура казахского текста. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 11 с.

Медетбекова П.

Квантитативные особенности союзов *мен/бен/пен/және*

В статье рассматриваются типологическая структура и квантитативные особенности союзов «мен/бен/пен, және» и их роль в языкознании.

Medetbekov P.

Quantitative features of unions *men / ben / pen / zhane*

The typological structure and quantitative peculiarities of the unions «мен/бен/пен, және» and their role in linguistics are described in the article

А.Т. Мұхамеджанова,

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «ҒАШЫҚТАР» РОМАНЫНДАҒЫ МЕҢГЕРІЛЕ БАЙЛАНЫСҚАН ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Сөз тіркесіндегі сөздердің басын құрайтын және сөз тіркестерін жіктеуге критерий болатын синтаксистік тірек – сөздердің байланысу формалары [1;37]. Қазірде есімді және етістікті сөз тіркестері сол байланысу формала-

рына қарай өзара бірнеше топқа бөлініп жүр. Есімді сөз тіркестері қабыса, матаса және меңгеріле байланысса, етістікті сөз тіркестері қабыса және меңгеріле байланысады.

Меңгеру әдетте етістік сөздермен байланысты қаралатыны белгілі, яғни етістіктің семантикалық табиғаты белгілі бір септік жалғауындағы сөзді іздеп тұрады. Сондықтан есім сөздер септік жалғау формасындағы сөздерді бағындыру мүмкіншілігіне ие болу үшін сөйлемде етістіктің қызметін атқарып, баяндауыш функциясында жұмсалуды керек. Есім меңгеру негізінде құрылатын сөйлемдердегі баяндауыштың қызметін көбінесе сын есімдер атқарады, зат есімдер бұл қызметте сирек жұмсалады, жұмсалған күнде де, көпшілігінде септік жалғауындағы есім сөздерді меңгере бермейді. Мұның өзі де сын есімдердің не басқа да сапалық, модальдық есімдердің зат есімнен гөрі етістік табиғатына жақындығынан болса керек. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінің ерекшелігін олардың құралу тұрғысынан қарап айырамыз. Олар *барыс, шығыс, табыс, жатыс, көмектес* жалғауларының бірінде болады да, басыңқы сөз сол жалғаудағы сөзді керек ететін етістік не есім болады. Меңгеруші сөз жетектеуші де, меңгерілуші оның жетегіне еруші сөз болады.

Қарастырып отырған шығармада меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері онша көп кездеспейді және барлық есімдер бірдей ондай сөз тіркесінің меңгеруші сыңары бола алмайды. Есімдердің ішінде көбінесе бастауыштың күйін, халін білдіретін сөздер есімді сөз тіркесінің басыңқы сыңары болып жиі жұмсалады. Жалпы есім сөз таптарының басыңқылық қызметі жайында алғашқы мәліметті берген ғалым профессор М.Балақаев: «Меңгеретін сөздер – етістіктер, есімдер (көбінесе сын есім, шылау сөздердің бірқатары; кейде есім мен етістік бірлесіп меңгереді), - деп, меңгеріле байланысқан сөз тіркесінің басыңқы сыңары қызметінде жиі жұмсалатын сөз таптары есімді сөз таптары екенін айтқан болатын [2; 208].

Профессор Ә.Аблақов: «Меңгеру, негізінде, етістікке тән қасиет, сондықтан есімдер етістіктер сияқты септік жалғаулы сөздермен еркін тіркесе бермейді», - деп, есімдерге қарағанда етістіктердің тіркес құрау қабілеті мол екендігін дұрыс көрсетеді [3;5].

Шығармада меңгеріле байланысқан есімді тіркестер *барыс, шығыс, жатыс, көмектес* септіктерінде жұмсалған. Олардың әрбіреуінің өзіндік қолданылу аясы мен жұмсалуды ерекшелігі бар екенін байқадық. Олар негізінен төмендегідей жолдармен жұмсалған:

I. Меңгеріле байланысқан зат есімді тіркестер.

Зат есімдер меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінің құрамында жиі кездеспейді дегенмен де шығармада автордың қолданысында меңгеріле байланысқан зат есімді тіркестер біршама кездеседі. Олар *барыс, шығыс, жатыс, көмектес* септіктерінде жұмсалған, енді осыларға жекелей тоқталайық.

1. Барыс септікті.

1) бағыныңқы сыңары ***жалқы зат есімді***, басыңқы сыңары ***жалпы зат есімді*** болып келеді. Мысалы: Зат есім арқылы жасалады. Зүлфияның маған істері, менің оған жұмсар қастығым жоқ, бірақ ол *Аяужанға* көп *қиянат етті*.

2) бағыныңқы сыңары ***жалпы зат есімді***, басыңқы сыңары ***жалпы зат есімді*** болып келеді. Мысалы: *Көзіме ұшқын, жүрегіме от* пайда болды. Суретші де сондай, адамның өзін ұмытқанмен, өзгелерден өзгеше, тек сол *адамға* тән бір қимылын, көз тастауын, не жүріс-тұрысын есіне сақтап қалуы көп кездесетін жағдай. Әрине, өлген *адамға* денесін паршалаудан келер *зиян* жоқ, бірақ *тіріге* тиер *көмегі* көп. Бұл *дәрігерлерге сабақ*, келешекте ауруды тануына орасан зор көмек. ...Егер сонда, бірін-бірі жақсы көрген екі адам бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтындай сезімге ие болса, сонда ған ол шын *махаббатқа* да ие.

Кейде оларға сын есімдер тіркесіп, күрделі тіркес құрамында жұмсалады. Мысалы: Өздерінің еңбектен туған арман, тілектерін осынша жоғары қойған *жас серіктеріме* дән *ризамын*.

3) бағыныңқы сыңары ***жинақтық сан есімді***, басыңқы сыңары ***жалпы зат есімді*** болып келеді. Мысалы: *Екеуімізге* арнап *хат* жазып кетті.

4) бағыныңқы сыңары ***болжалдық сан есімді***, басыңқы сыңары ***жалпы зат есімді*** болып келеді. Мысалы: Бір жағында бетон мен шыныдан салған төрт қабат мектеп, бірнеше залы бар, *мыңға жуық оқушы* сияды.

5) бағыныңқы сыңары ***жіктеу есімдігі***, басыңқы сыңары ***жалпы зат есімді*** болып келеді. Мысалы: Оның: «Құлыным!» - деп күс-күс қолымен басымнан сипағаны *маған* зор *қуаныш*, үлкен *бақыт* болатын, дәрекілеу келген даусының өзі жаныма жалын егіп, көңілімді шалқытып қоя беретін.. *Маған* сіздің соншалық азаптануыңыз *жұмбақ*. Сөйткен адамның өзін-өзі өлтіруі *маған жұмбақ*.

Дегенмен Аяужанның бұл қылығында *маған үлгі* боларлық бір қасиет бар. О да *маған гашық*.

6) бағыныңқы сыңары *сұрау есімдігі*, басыңқы сыңары *жалпы зат есімді* болып келеді. Мысалы: Ол ерекшелік *кімге тән* еді, өзім де есіме түсіре алмай келемін.

7) бағыныңқы сыңары *сілтеу есімдігі*, басыңқы сыңары *жалпы зат есімді* болып келеді. Мысалы: Еңбек – *бұларға да поэзия, ән!*

8) бағыныңқы сыңары *өз есімдігі*, басыңқы сыңары *жалпы зат есімді* болып келеді. Мысалы: Осынау бейтаныс адамдардың беттерінен *өздеріне ғана тән*, өздерінің ғана бейнелерін ашатын ерекшелігін көбірек таба бастаймын. Өзгені білмеймін - *өзіме дәл солай!* Мұны осы күнгі жас балаға дейін біледі, неге айтып тұрғаным *өзіме де жұмбақ*.

2. Жатыс септікті.

1) бағыныңқы сыңары *жалпы зат есімді*, басыңқы сыңары *жалпы зат есімді* болып келеді. Мысалы: *Көзінде ашу* оты жарқ-жүрқ етеді. Бір *қабырғасында* әжептәуір әдемі *сервант*, *бұрышында* үш жақты *айна*. Тек сонау *көкжиекте* бір болмашы қара *бұлт* көрінеді. Бұл дәрігерлерге сабақ, *келешекте* ауруды тануына орасан зор *көмек*. Тек менің ішімде ғана қызыл шоқ, *көзімде күн сәулесі*, жан-жағыма шаттана қараймын. Бәрлерінің *жүзінде қуаныш*, таңғажайып *шаттық*. Кейде сілтеу есімдіктері зат есімдергі тіркесіп, күрделі тіркесті құрайды. Мысалы: *Сол жағымда* қатпар-қатпар *Мырыш тауы*..

2) бағыныңқы сыңары *есептік сан есімді*, басыңқы сыңары *жалпы зат есімді* болып келеді. Мысалы: Әрине, *жиырма бес жаста* жарық жалғанға *ризамын*.

3) бағыныңқы сыңары *жинақтық сан есімді*, басыңқы сыңары *жалпы зат есімді* болып келеді. Мысалы: *Екеуімізде* бір-бірден *екі бөлме*, бөлек тұрамыз.

4) бағыныңқы сыңары *жіктеу есімдігі*, басыңқы сыңары *жалпы зат есімді* болып келеді. Мысалы: *Менде үш ұпай* болады. Оның үстіне, *бізде* қарттарға әрқашанда *құрмет емес пе?*

5) бағыныңқы сыңары *үстеулі*, басыңқы сыңары *жалпы зат есімді* болып келеді. Мысалы: Одан сәл *төменде* *зауыт*, о жер, бұ жерден дәл өзім тұрғандай, сорайған крандар көрінеді. *Үстінде* жүқа сарғылт лавсан *костюм*, *қолында* сұрғылт *қалпақ*, көгілдір *балон*

нияны қарына іле салған. *Басында* қызыл *орамал*, ұзын шашын өріп, желкесіне түйіп алған.

3. Шығыс септікті.

1) бағыныңқы сыңары *жалпы зат есімді*, басыңқы сыңары *жалпы зат есімді* болып келеді. Мысалы: Аула толған кірпіш, *бетоннан* құйылған *қабырғалар*, үй төбесіне төсейтін бетон тақталар. Ол қасиет – жаңа дүниенің адамының өз басының *бақытынан*, *қуанышынан* халқының *бақытын*, *қуанышын* жоғары қою. Кенет өзіме-өзім тек *өмірден қуаныш* қана іздейтін бір арсыз жандай көріндім.

2) бағыныңқы сыңары *жіктеу есімдігінен*, басыңқы сыңары *жалпы зат есімнен* болып келеді. Мысалы: – Егер ренжімесен, *сенен* бір *өтініш* етсем, орындайсың ба? Ендігі *сенен* жалғыз *тілегім*, Жантас, менің басыма, өз қолыңмен, қайың ағашының бір бұтағын отырғыз. *Менен* *жақсылық* емес, қастық қана күт.

3) бағыныңқы сыңары *сілтеу есімдігінен*, басыңқы сыңары *сын есімнен* болып келеді. Мысалы: *Бұлардан жұмсақ* мінезді тірі айуан бар ма? *Бұдан артық* қолымнан не келеді?

4. Көмектес септікті.

1) бағыныңқы сыңары *зат есімді*, басыңқы сыңары *зат есімді* болып келеді. Мысалы: Бұл – біздің *Ұлболсынмен* ақырғы *қоштасуымыз*. Әттең, өткен іс атылған *оқпен тең*, жоқты іздегенмен не пайда!

Кейде мұндай тіркестерге сын есімдер түйдектеле жұмсалып, күрделі есімді тіркестерді құрайды. Мысалы: Мен жаңа қазақпын, өзге *ұлттармен* *бауырмал* қазақпын.

II. Меңгеріле байланысқан сын есімді тіркестер.

Сын есімдер сөйлемде ойды тиянақтап, есімді баяндауыш болғанда, есімді сөз тіркесінің басыңқысы да бола алады. Мұндай кезде сын есімдер құрамына қарай дара және күрделі түрде, мағынасына қарай сапалық та, қатыстық күйінде де келе береді. Енді жасалу жолына жекелей тоқталайық:

1. Барыс септікті.

а) бағыныңқы сыңары *жалпы зат есімді*, басыңқы сыңары *сапалық сын есімді* болып келеді. Мысалы: Мен *Ұлболсынга* да *адалмын*, *Аяужанга* да *адал* болармын. Мен *Аяужанга* *гашықпын*.

ә) бағыныңқы сыңары *жалпы зат есім*, басыңқы сыңары *сапалық сын есімді* болып келеді. Мысалы: *Жігітке* жар *қымбат*, намыспен *ар қымбат*. Жалынсыз махаббат - әуенсіз

музыка әуезі мен нақышы үндеспеген *бишіге ұқсас*. Мұндай хал *әнге құмар* композиторда, сұлу *көрініске құмар* суретшіде, поэзияға берілген ақында ғана болады. Сондықтан да ол сонау жағылған үш *жұлдызға* мәз. Қыз қолымен безендірген әдемі бөлменің заттары да бұнда адам тұратынын аңғартқандай, *көзге жылы, көңілге орнықты*. Базаргүл көне дүние *эпостарына* неге *құмар*? .

б) бағыныңқы сыңары *сан есім*, басыңқы сыңары *сапалық сын есімді* болып келеді. Мысалы: Әдепкіде *екеумізге де қиын* болды. – *Төртеумізге көңілдірек* болар еді, – деді. Бұл тіркестер бағыныңқы сыңары жіктік жалғаулы барыс септікті жинақтық сан есім мен басыңқы сыңары жай және салыстырмалы шырайлы сын есімнің меңгеріле байланысуы арқылы жасалған.

в) бағыныңқы сыңары *жіктеу есімдігі*, басыңқы сыңары *сапалық сын есімді* болып келеді. Мысалы: Қапелімде қойылған сұраққа жауап қайтара қою *маған да жеңіл* тиген жоқ. Ондай алдау *саған да, оған да обал* емес пе? Кісі мұндай минуттарында жынданған жанмен бірдей, *оған* өмірден өлім *артық*. Түсіне тұрсам да, Аяужансыз өмір сүрудің *маған қиын* екенін де білемін. Бұл *маған ыңғайлы*, өліктің туған-туысқанының. Расын айтсам, өмірімдегі *маған* деген бір *оғаш* нәрсе де осы тойдан басталды. Ол мені шын жақсы көрген еді, өзіме қолы жетпей қалса да, тас мүсінім *оған қымбат та, қадірлі де ... Маған* қанша *қиын* болса да, амал жоқ, бүгін денесін союға мәжбүр болдым.

г) бағыныңқы сыңары *жіктеу есімдігі*, басыңқы сыңары *қатыстық сын есімді* болып келеді. Мысалы: *Маған түсініксіз*. Осы арманымнан шықтым ба, жоқ па, *маған* әлі *белгісіз*.

ғ) бағыныңқы сыңары *жалпы есімді*, басыңқы сыңары *асырмалы шырайлы сын есім* болып келеді. Мысалы: Шерубайға өңі күр ғана жүдеу емес, *аса қайғылы* көрінеді. Жұрттың бәрі де *маған аса көрікті, аса сұлу* көрінеді.

д) бағыныңқы сыңары *жалпы есімді*, басыңқы сыңары *қатыстық сын есім* болып келеді. Мысалы: Шерубай *өмірге* өлердей *ызалы*. *Ұлболсынға* деген сезіміңіз *түсініксіз*. Онсыз өмірдің қызығы жоқ деген ұғым беруі, расында да, *Аяужанға түсініксіз еді*. Бүкіл әлем, осы жатқан үйім, бәрі-бәрі *маған* жұмақтан түскен хор қызы *іспеттес*. Дәл осы

кезде сырт бейнеміз осал жерін аңдып, тістерін ақситып, ырылдаса қалған арлан *бөрі-басарларға ұқсас* болуы ғажап емес, көздеріміз қанталап, еріндеріміз дір-дір етеді.

е) бағыныңқы сыңары *өз есімдігі*, басыңқы сыңары *сапалық сын есімді* болып келеді. Мысалы: ...Сәл мақтанып қояйын, жалпы алғанда жаман шықпайтыны *өзіме аян*.

2. Жатыс септікті.

а) бағыныңқы сыңары *жалпы зат есімді*, басыңқы сыңары *жалпы зат есім* болып келеді. Мысалы: Жаныңды бір әдемі қиялға бөлер сұлу әнге ұқсаған осынау Аяужанның күнәсіз, таза бота *көзінде* Қыз Жібекке лайық бір әсем мөлдір *сезім* ұялағандай. *Көзінде ашу* оты жарқ-жүрқ етеді. Бір *қабырғасында* әдемі *сервант*, *бұрышында* үш жақты *айна*. *Қабырғасында* Базаргүлдің өзі салған қазақ эпосынан алынған бір-екі *сурет* ілінулі түр. *Қабырғаларында* да *кілем*, *сервантта* алтын жалатқан *ыдыс-аяқ*, *хрусталь бокал*.

ә) бағыныңқы сыңары *жалпы зат есімді*, басыңқы сыңары *сапалық сын есім* болып келеді. Мысалы: Адамның осындай дүние шеңберінен шығып, ойы он, санасы сан бөлінетін *сәттерінде* оған жа ғана тіл қатудың өзі *қиын да, қиянат та*. Аңғарадай *кабинетте жалғыз*. *Үйінде* пісірілген асы *дайын*.

ә) бағыныңқы сыңары жалпы зат есімді, бағыныңқы сыңары *-дай, -дей* қосымшалы қатыстық сын есімді болып келеді. Мысалы: Алатауға жарыса жатқан *ауылда* қазақ пен орыс *бірдей*.

3. Шығыс септікті.

2) бағыныңқы сыңары *жалпы зат есімді*, басыңқы сыңары *сапалық сын есімді* болып келеді. Мысалы: Және *Торыдан* жиырма жастай *үлкен* деп естігем. Жан-жағыма қарап едім, жаныма келген *Зүлфиядан* *басқа* ешкім көзіме ілінбеді.

3) бағыныңқы сыңары *жалпы зат есімді*, басыңқы сыңары *сапалық сын есімді* болып келеді. Мысалы: Оған сенен айырылу, мүмкін, *өмірден* айырылудан *жеңіл* тиер. Ал сен дәл осы минутта ондай *адамнан да қымбатсың*. Оның Алтынайға деген көңілі Аяужан екеуіміздің арамыздағы *қасіреттен* көп *жеңіл секілді*. Дүниеде *қуаныштан* *артық* не бар? Дүниеде *қуаныштан* *қысқа* не бар, жарық күн батып, түн келеді. Дүниеде көңілінді шарықтатып, ақыл-ойыңа қанат берер болса, *қиялдан тәтті* не бар?! Кісі мұндай минуттарында жынданған жанмен бірдей, оған *өмірден* өлім

артық. Аяужан өзге балалардан кішірек және ұялишақтау Еркежанды өзіне шақырды.

4) бағыныңқы сыңары **жалпы зат есімді**, басыңқы сыңары **қатыстық сын есімді** болып келеді. Мысалы: Маған әлемде осынау бір шүйкедей, бет-аузы шандыр-шандыр қарт анадан ажарлы, анадан сымбатты жан жоқтай көрінетін. Мына профессордан әлдеқайда сымбатты. Қандай күдіретті болсаң да, жазмыштан күшті емес екенсің!

5) бағыныңқы сыңары **жіктеу есімдігі**, басыңқы сыңары **жалпы зат есім** болып келеді. Мысалы: Менен жақсылық емес, қастық күт!

6) бағыныңқы сыңары **жіктеу есімдігі**, басыңқы сыңары **сапалық сын есімді** болып келеді. Мысалы: Ал қазір дүниеде менен қиялы тәтті жан болуға тиісті емес. Ұлболсынның менен де қымбат бірдемені қиғанын сеземін. Қазір менен бай, менен кең адам табыла қояр ма екен. Аяужан ол мағынаға құр махаббат, рақат деген ғана түсінік емес, одан да кең, одан да терең ой беретіндей.

7) бағыныңқы сыңары **жіктеу есімдігі**, басыңқы сыңары **қатыстық сын есімді** болып келеді. Мысалы: Ұлболсындай сүйген жарым болса, менен бақытты адам бар ма? Ет, сүйектен жаралған адам одан күшті емес, оның жүрегіндегі жалынның да бәсеңдейтін, бітуге айналатын кезі болады.

8) бағыныңқы сыңары **сілтеу есімдігі**, басыңқы сыңары **сапалық сын есімді** болып келеді. Мысалы: Дәл осы мезетте маған одан артық жан жоқ мәнзелдес. Қолымнан бұдан басқа не келер? Жастарға бұдан артық іс нәтижесін айғақтайтын көрсеткіш болар ма? Бұлардан жұмсақ мінезді тірі айуан бар ма? Ет, сүйектен жаралған адам одан күшті емес. Одан артық арман бар ма? Аяужан ол мағынаға құр махаббат, рақат деген түсінік емес, одан да кең, одан да терең ой беретіндей. Одан жоғары, одан басқа сезім. Әйтпесе мұны одан басқа жан көрген жоқ. Бұл тілек ойдағыдай көркемөнерде одан да биік шыңға шығаруы керек, өйткені екеуміздің арамызда тек бір-ақ тілек бар.

8) бағыныңқы сыңары **жалпылау есімдігі**, басыңқы сыңары **қатыстық сын есімді** болып келеді. Мысалы: Бұрынғы қайғының бәрінен жаңа қайғы күшті болды.

9) бағыныңқы сыңары **өз есімдігі**, басыңқы сыңары **сапалық сын есімді** болып келеді. Мысалы: Бұл атақ құмарлыққа жатпайды, бұл өзгеден артықпын деген кей адамның жалған

қасиеті де емес, бұл өз еңбегіне өзі риза болған көңілдің тасуы, рақаттануы..

4. Көмектес септікті.

1) бағыныңқы сыңары **зат есім**, басыңқы сыңары сапалық **сын есімді** болып келеді. Мысалы: Жақсы – ісімен жақсы. Сол қарапайымдылығымен әсем, сол үйреніштілігімен ыстық еді. Ер елімен жақсы, жер кенімен жақсы.

III. Меңгеріле байланысқан сан есімді тіркестер.

Сан есімдер де шығармада кездеседі. Дегенмен олар өте сирек кездеседі. Мысалы: Мұндай аурудың жүз пайыздан тоқсан тоғызы жазылмайды.

IV. Меңгеріле байланысқан үстеулі тіркестер.

Барыс септікті.

1) бағыныңқы сыңары **жалпы зат есімді**, басыңқы сыңары **үстеу** болып келеді. Мысалы: Қолыңнан істеген жұмысың, келіспей жатса да, көңіліңе жылы, ойыңа жақын.

2) бағыныңқы сыңары **есімдікті**, басыңқы сыңары **үстеу** болып келеді. Мысалы: Осы арманымнан шықтым ба, жоқ па, маған әлі белгісіз.

Шығыс септікті.

1) бағыныңқы сыңары **жалпы зат есімді**, басыңқы сыңары **үстеу** болып келеді. Мысалы: – Мені шығарып салам деп, үйіңізден тым алыс кетіп қалдыңыз ғой. Қаладан алыс емес. Ол өзінің сезім дүниесінен, ләззат, сұлулық деген түсініктерден жоғары жан. Дүниеде Үміт сынды таза жанды, ұят-арды жастық көңілден жоғары қоятын замандастарым бары – мені мейлінше қуантты. – Жоқ, бұл – махаббаттан да жоғары...

2) бағыныңқы сыңары **жіктеу есімдігі**, басыңқы сыңары **сын есімді** болып келеді. Мысалы: Олар менен үш-төрт жас кіші, Базаргүл, Аяужан бәрі бірге оқыған.

3) бағыныңқы сыңары **жіктеу есімдігі**, басыңқы сыңары **үстеулі** болып келеді. Мысалы: Ие, ие арғы ата-бабамыз маймыл бізден қандай алыс болса, мына кісі, құр адамша киініп, адамша сөйлегені болмаса, мінез-құлық, сезім жағынан бізден анағұрлым алыс болуы керек. Қала шарықтап өсіп келе жатқанымен, мұнда әзірге менен басқа мүсінші жоқ. Одан жоғары, одан басқа сезім.

4) бағыныңқы сыңары **сілтеу есімдігі**, басыңқы сыңары **сан есімді** болып келеді. Мысалы: – Жоқ, әйелім мен балам бұдан төрт жыл бұрын автомобиль апатынан қайтыс болған.

5) бағыныңқы сыңары *өз есімдігі*, басыңқы сыңары *туынды үстеу* болып келеді. Мысалы: Суретші де сондай, адамның өзін ұмытқанмен, *өзгелерден өзгеше*, тек сол адамға тән бір қимылын, көз тастауын, не жүріс-тұрысын есіне сақтап қалуы көп кездесетін жағдай.

1. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. – 176 б.
2. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы: Мектеп, 1971. – 350 б.
3. Әбілақов Ә. Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінің қалыптасуы, дамуы және қолданылу аясы. Алматы. – 1990. -103 б.
4. Есенберлин І. «Ғашықтар» романы. – Алматы: Көшпенділер, 2007. - 296 б.

А. Мухамеджанова

Образование именных словосочетаний в романе И.Есенберлина «Ғашықтар»

В статье рассматривается структура и образование именных словосочетаний в романе И. Есенберлина «Ғашықтар»

A. T. Mukhamedzhanov

Formation of nominal phrases in the novel of I.Esenberlin "Gashyktar"

The article presents the structure and formation of nominal phrases in I. Esenberlin "Gashyktar."

С. Өтебеков,

А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистр-оқытушысы, e-mail: Usb_1407

СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ Т. САЙРАМБАЕВТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖАЙЫНДА

Жалпы сөйлем бір сөзден тұрса да, өзара байланысты бірнеше сөзден құралса да, ол дауыс ырғағы жағынан тұтастанып, айналасындағы басқа сөйлемдерден пауза арқылы оқшауланумен қатар, олармен мағыналық қатынасқа еніп, ұласып, үштасып жатады. Оларға (сөйлемге) тән белгілер, оның грамматикалық сипаттайтын, айқындайтын синтаксистік категориялар – коммуникативтік пен модальдік және предикаттық белгілер. Бұл категориялардың әрқайсысының өздеріне тән ішкі мағыналық және сыртқы материалдық көрсеткіштері бар [1:6], яғни, сөйлем предикативтілік деп аталатын грамматикалық мағынамен, коммуникативтілік деп аталатын қызметімен және бастауыш-баяндауыштық деп аталатын құрылымдық үлгісімен сипатталады да, осы жағынан келгенде, ол (сөйлем) әр түрлі айтылыстардан (высказывания) ажыратылады [2:198]. Сөйлемнің бұл айтылған үш түрлі белгісі, категориясы – бір-біріне байланыссыз, бөлек-бөлек жатқан дүниелер емес, өзара бірлікте, бір сөйлем ішінде кейде қабаттасып та жүретін белгілер. Коммуникативтік пен модальдік категориялар сөйлем сайын кездеседі. Бұл екеуінсіз сөйлем жоқ. Ал предикат-

тық категория жоғарыда келтірілген – *Төйт әрі! Мәссаған! Әй-әй-әй!* Дегендер тәріздес сөйлемдерде болмайды, яғни сөйлем сайын болуы шарт емес. Бұл айтылғандар – құрмалас сөйлемдерге де тән белгілер [3:7]. Ғалым М.Балақаев сөйлемнің осындай қасиеттерін негізге ала отырып «предикаттық қатынас негізінде біршама аяқталған ойды білдіретін тиянақты сөздер тізбегін сөйлем дейміз» [3:16], - деп анықтама берген болатын.

Ал ғалым Т.Сайрамбаев жоғары да айтылып кеткен көптеген еңбектердегі ережелерді саралай келе өзінің «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері» атты ауқымды еңбегінде сөйлемдердің негізгі белгілерінің бірі предикативтілікке байланысты қарайды да: «...сөйлемнің негізгі белгісі ретінде предикативтілік, модальдік және интонация үшеуін де бірдей жатқызу орынды деп санаймыз. Оларды бір-бірімен тең немесе біріне-бірі басыңқылық қызметте жұмсалды дейтін пікір олардың ішкі ерекшеліктерін ескермеуден туса керек»[3:5] деп түйеді.

1970 жылы шыққан «Қазіргі орыс әдеби тілінің грамматикасында» берілген «предикативтілік категориясы әрбір сөйлемдерге қатысады және оның грамматикалық мағынасы